

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы

Кеңес:

«Серуен кезінде қозғалыс ойындарын ұйымдастыру»

Психолог: Абилова Г.Н

Ақтөбе қаласы

Серуен кезеңде қозғалыс ойындарын ұйымдастыру

Бала ағзасы мүмкіншілігіне байланысты тұрақты жүйелі күн қызуын ауа температурасын, су процедураларын пайдалану ағзадағы дене қызуын реттеу механизмдеріне, психикалық үрдістерін қалыптыруға, денелерін шынықтыруға көмектеседі. Баланың денсаулығын нығайтады, ағзасының жұмыс қабілеттілігін арттырады. Табиғаттың сауықтыру күштерімен дене тәрбиесі жаттығуларымен қатар, ұштастыра қолдану баланың дене қуаты дайындығы деңгейін көтеруге, денсаулық күйін арттыруға көмектеседі. Баладардың дене тәрбиесі жаттығуларына деген тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыруға ең қолайлы уақыт мектепке дейінгі балалық кезең. Ол үшін балалар орындай алатын, орындаған жаттығулардан олар қанағат алып, ары қарайғы әрекеттерге ынтықтыратын тапсырмалар берілуі қажет. Орындалған тапсырмаларды бағалау, көңіл бөлу, мадақтау, дене тәрбиесіне деген жақсы көзқарас қалыптастырады, баланың дене жаттығуларымен тұрақты айналысуға ынтығуына себеп болады.

Балалардың ақылдылықтарын, дүние танымдарын, көзқарастарын кең дамыту үшін, оларға жаттығулар жасау кездерінде дене мәдениеті, спорт саласындағы қарапайым білім негіздерінен мағлұматтар берілуі тиіс.

Тәрбиелік міндеттері.

1. Балаларды моральді-жігірлілік қасиеттерге тәрбиелеу. Ол қасиеттер: адалдық, батылдылық, тәуекелшілдік, қайсарлылық, табандылық т.с.с.

2. Дене тәрбиесі арқылы балалардың ақылдылық, өнегелік, эстетикалық, еңбек тәрбиелеріне әсер ету, көмектесу. Осы баяндалған сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттері жеке-жеке қарастырылса да, олар бір – бірлерімен тығыз байланысты. Сондықтан, балалармен жұмыс істегенде осы міндеттерді кешенді түрде орындаған дұрыс болады. Сонда ғана бала денесі, дене қуаты дайындығы жағынан ғана емес, рухани жағынан да дамиды.

Баланың ағзасының жан-жақты дамытуының негізі, тәрбие көзі дене тәрбиесі болып табылады. Табиғи, дұрыс өсіп келе жатқан бала тұрақты түрде қозғалғысы келіп тұрады. Оның осы қозғалыс әрекетін жанұяда, бала бақшасында дұрыс ұйымдастыру оның жүрек-қан тамыры, дем алу, жүйке, зат алмасу жүйесі қызметтерін жақсартыады, қозғалыс-тірек аппаратын нығайтады. Баланың ауыруға қарсылық күшін, ағзаның қорғаныс күшін күшейтеді. Қозғалыс арқылы бала өмірді, табиғатты тани бастайды, оның психологиясы, ерік күші, өзіндік қасиеттері дамиды.

Бала көбірек қозғалыстарды білген сайын оның таным, түйсік, қабылдау, сезім, қабілет және басқа да әр түрлі психикалық мүмкіншіліктері кең көлемде дамиды. Осы кезеңде дене тәрбиесі сауатты дұрыс жүргізілуі қажет, олай болмаса өткізіп алған уақытты қуып жету, жіберілген қателіктерді түзету қиын болады.

Сауықтыру міндеттері:

1. Бала ағзасын шынықтыру арқылы, сыртқы ортаның зиянды әсерлеріне қарсы тұра алу қабілеттерін жетілдіру.

Табиғаттың табиғи күштерін, ауаны, суды, күн қызуын дұрыс пайдалану арқылы бала денесі шынығады. Оның әр түрлі суық тию арқылы болатын тұмау, жөтелу, тамақ ауруларына қарсылық күштері көбейеді.

2. Қозғалыс-тірек аппаратын нығайту және дұрыс мүсін қалыптастыру. Қозғалыс юелсенділігі көлеміне әсер ететін жалпақтабан болмауы үшін, табан және сирақ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларға көңіл бөлу. Бала денесі үйлесімді дамуы үшін денесінің екі жағындағы бұлшық еттерге бірдей мөлшерде жеттығулар беру. Күнделікті өмірде аз жұмыс істейтін бұлшық еттер топтарына көбірек жаттығулар беру.

3. Вегетативтік органдардың қызметтік мүмкіншіліктерін жоғарылату. Баланың белсенді қозғалыстары жүрек-қан тамыры және тыныс алу жүйелерінің, тамақ қорыту, дене температурасын реттеу жүйелерінің, ағзадағы зат алмасу үрдістерінің қызметтерін жақсартады. Зәр шығару органдарындағы қатпа, зәр шықпай қалу үрдістерін болдырмайды.

4. Жылдамдық, үйлесімділік, төзімділік секілді дене қуаты қасиеттерін тәрбиелеу, Мектепке дейінгі жастарда дене қуаты мүмкіншіліктерінің бірін жеке дамытуға арнайы көңіл бөлуге болмайды. Қозғалыстарды әр түрлі құрастыру, амалдарын ауыстыру, әр түрлі бағыттау арқылы дене қасиеттерін кешенді, үйлесімде дамытуға көп көңіл бөлген дұрыс.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы

Кеңес:

**«Балаларды психологиялық, педагогикалық
жағынан мектепке дайындау»**

Психолог: Абилова Г.Н

Ақтөбе қаласы

Балаларды психологиялық педагогикалық жағынан мектепке дайындау

Баланың мектепке дайындығын, яғни көру, есту, қабылдау, есте сақтау, зейіні мен ойлау қабілеттерінің даму барысын анықтауға арналған тапсырмалар мен ойын, жаттығулар және сауалнамалық сұрақтар арқылы анықтауға болады. Тапсырмалар екі кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде кезеңде ауызша және сурет бойынша тапсырмаларды орындауға бағыт беріп, баланың қабылдауына, есте сақтауына, ойлануына ықпал ететін болса, екінші кезеңде ойын, жаттығулар арқылы зейінін тұрақтандырып, іс-әрекетті тікелей орындау арқылы психикалық процестердің дамуын анықтайды. Жаттығулар мен тапсырмаларды орындауда балаларға қиындықтар кездессе қайтадан түсіндіріп, орындалу барысына көмектесу қажет. Бала берілген тапсырманы орындап болған соң екінші тапсырманы орындау ұсынылады, кейбір тапсырмаларды орындауда түрлі-түсті қарындаштар, ақ қағаз, фломастер беріледі. Тапсырмаларда берілген суреттерді жалғастыру, торкөзге қайталап салу, өзі сурет салу арқылы баланың қиялын ұштап, өзіндік дербес әрекет етуіне мүмкіндік туғызады. Баланың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін жетілдіру, кеңістік, уақыт ұғымдарын тиянақтау ескеріледі.

Мектепалды тобында педагогикалық, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру көзделді. Психологиялық жаттығулар баланы үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеп, өз пікірлерін айтып жеткізе білуге баулиды.

Аталған еңбекте баланың мектепте жалпы дайындығы мен арнайы дайындығын анықтаудың жолдары қарастырылған. Баланың мектепке дайындығын байқауда танымдық процестері /қабылдау, ес, ойлау, зейін, қиял мен танымдық әрекетінің даму дәрежесінің, оның ынтасының, даму ерекшеліктерінің маңызы бар.

Баланың мектепте табысты оқуына ықпал ету үшін танымдық әрекеттің даму дәрежесі ықтиярлы түрде меңгеруден басқа, баланың белгілі қабылдау сапасы мен ойлауын да қамтиды.

Бала заттар мен құбылыстарды жоспарлы түрде бақылап, олардың алуан түрлі қасиеттерін ажырата білуі, белгілі бір тапсырмаларды орындау барысында баланың іс-әрекетті орындауы қатесіз дұрыс болса, педагог қызыл түсті дөңгелекпен, бір-екі қатесі болса жасыл түсті төртбұрышпен, үш немесе одан да көп қатесі болса көк түсті үшбұрышпен белгілейді.

Тапсырмаларды орындауға бағыт.

Баланың жеке басының тұлға ретінде дамуы көптеген жағдайларға байланысты: ол баланың өзін қоршаған ортасы, қарым-қатынасы, ойын, оқудағы іс-әрекеті т.б. баланың психикалық дамуына ықпал етеді. Бұл баланың айналадағы дүниеге, заттар мен құбылыстарға жауапкершілікпен қарауға деген түсініктерін дамытады. Бала өзін айналадағы табиғатпен, ал табиғатты өзімен салыстыруы табиғи қалыпты жағдай. Сондай-ақ айналамен таныстыруда баланың танымдық жағынан да, тұлға ретінде

дамуында да мүмкіндік беретін психологиялық жағдайларды анықтауға негіз болады.

Өзі апта күндерін әңгімелеп беруі арқылы байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын анықтап, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін сипаттап айта білу, қосымша өлең тақпақтар айтқызу баланың дүниетанымын, жаратылыс құбылыстары мен қоғамдық құбылыстарды қалай түсініп саралайды, эстетикалық талғамы қандай деңгейде екенін білуде маңызды.

Баланың қабылдауын анықтауға арналған тапсырмаларды орындауда уақытты сағатпен белгілеп алуды ұмытпаңыз. Баланың қабылдауы сабақ кезінде педагог тәрбиешіні тыңдай білуге, тапсырманы тыңғылықты орындауға, өз ойын жинақтай білуге көрген, естігенін қабылдау арқылы болашақта сабақты жақсы оқуға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балада қабылдау, іс-әрекеттерін жетілдіру өзінің негізінде бізге бұрыннан таныс заңдылықтарды, яғни сыртқы бағдарлау іс-әрекетінің қабылдау іс-әрекеттеріне айналуынан көреміз.

Бала мектепке дейінгі шақта сәбилік шақта қалыптасқан қабылдау іс-әрекетін меңгере отырып өтеді. Бірақ бұл іс-әрекеттер әлі тым жетілмеген күйде болады. Баланың қабылдауын дамыту үшін бақылау жасату, қарап көру, салыстыру, теңестіру, өзгерістерді байқауға бейімдеу т.б. әдістерді қолдануға болады. Ол сурет бойынша немесе табиғи қалыпты жағдайдағы заттар, құбылыстар болуы мүмкін.

Естің жедел дамитын кезеңі- мектепке дейінгі жас. Баланы мектепке дайындауда есте сақтау қабілетін дамытудың маңызы зор. Олар көптеген ақпараттарды есте сақтай алады.

Баланың ойлауы белгілі бір проблемалық жағдайлардың дұрыс шешімін табуға қажетті білімнің жоқтығынан өзіндік ақыл ой позициясымен ерекшеленеді. Бала білуге талпынады, білімді меңгеру үстінде оны «не үшін?», «қалай?», «неге?», «неліктен?» деген сан сұрақтар мазалайды. Ол білмеген жағдайларға орай қисынды жауап іздеуге тырысады. Балалар кейбір мәселелерді шын жағдайға сәйкес шешудің жолдарын қарастырады, тіпті оларды ойша шешуі де мүмкін. Оларды нақты жағдайда болжамдап, оны әрекеттер нәтижесінде іске асатын ойлаудың мұндай түрі көрнекі-бейнелі ойлау деп аталады. Бейнелі ойлау- мектепке дейінгі кезеңдегі бала ойлауының негізгі түрі. Кейбір жағдайларда логикалық ойлауы да мүмкін. Олар көрнекі құралдардың көмегімен білімді меңгеруге бейім тұрады. Бала ойлауын анықтауға арналған тапсырмалар.

Бала өз қиялында алуан түрлі оқиғаларды тудырып, өзі сол оқиғалар ортасынан ең жақсы қасиеттерімен көріне алады. Ойын үстінде қалыптаса келе қиял іс-әрекеттің басқа да түрлеріне ауысады. Ол, әсіресе, баланың сурет салып тақпақтар мен ертегілерді ойдан шығарған кездерінде анағұрлым айқын байқалады. Қиялдың бала өміріндегі ролі зор. Қиялды үнемі дамытып отыру балаға айналадағы дүниені танып меңгерудің ең бір сара жолы, аясы тар жеке тәжірибенің өрісін кеңейтудің бірден-бір әдісі. Баланы қиял әлеміне енуге бағыт-бағдар ұсынамыз. Бұл тапсырмалар арқылы бала өз қиялын қағаз бетіне түсіру дағдысын байқатып, салынған бейнелерді

жалғастырып, толықтырып салу арқылы қиялының қаншалықты деңгейде екенін көрсете алады.

Баланың мектепке психологиялық дайындығымен қоса, дәстүрлі түрде тән болған кейбір арнаулы білімдер мен дағдыларды- тіл дамыту, сауат ашу, математиканың қарапайым ұғымдары, бейнелеу өнері мен әуен сазын сезіну т.б. меңгеру айрықша орын алады.

Ойын-жаттығулар арқылы баланың білім-білік дағдыларын күнделікті іс-әрекетте қолдана білу мүмкіндіктері қарастырылады. Ойнай отырып ойлануға бағыт беріледі. Суреттерді санына сәйкес толықтыру, суреттерді бояу, нүктелерді қосу, геометриялық фигуралардың кеңістікте орналасуына орай бояу, пішіндерді жинақтай келе белгілі бір бейнені жасауға болатынына қортынды жасай білуге баланың өзін алып келу. Жаттығуларды педагог өзінің шығармашылық ізденісімен толықтырып, баланың қабілетіне сәйкес түрлендіріп отырады. Мұнда математиканың қарапайым түсініктері мен тіл дамытуға, психологиялық көңіл-күйді бақылай білуге, өзінің көңіл-күйін бейнелей білуге жаттықтыру қарастырылған. Сондай-ақ баланың тілін дамытуда жалқыдан жалпыға, жинақтау, топтастыру, артық заттарды аңғару т.б. бағыттарға ден қойып, әңгімелеп айтып жеткізе білуге жаттығулар ұсынылды.

Бұл қандай жануарлар?- ойын жаттығуы балалардың үй-жануарлары мен жабайы жануарлардың айырмашылықтарын ажыратып, дөңгелектерден аңдардың бет-бейнесінің ерекше сипатын қағаз бетіне түсіре білуге жаттығады. Қолдың үйлесімділігі мен көз мөлшері және қағаз бетін дұрыс пайдалана білу дағдыларын байқауға арналған бұл жаттығулар баланың қызығушылығы және ой-қиялымен толықтыруына да бағыт-бағдар беруге болады. Соңында берілген екі сурет арқылы балаға өзінің мінез-құлқы жайында ойлануға, салыстыра білуге, осындай іс-әрекеттің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізуге, үлкендермен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысын бақылауға бағытталған. Бұл педагогтың шығармашылық әңгімесімен толықтырылуы қажет.

Психолог кеңестері

Ата-аналарға арналған жадынама

**Сіздің балаңыздың сеніміне ие болу үшін
көмек көрсететін кеңестер**

1. Әңгімелесу. Балаңыздың жасына, өзіңіздің қатты шаршап отырғаныңызға қарамай, балаңыздың және өз жұмыстарыңыз туралы әңгімелесіңіз. Есіңізде болсын баланың сенімінен айырылу бұл ең үлкен – орны толмас жоғалған дүние, ал сенімге қайта ие болу өте қажырлы еңбекті қажет етеді.

2. Сөйлесу. Балаға оны жақсы көретіңізді айту керек. Егер осы уақытқа дейін айтуға ұялып жүрсеңіз, бүгін әлі кеш емес. Бала жасына қарамай, әрқашанда оны жақсы көретінін естігісі, мейрімді көздерді көргісі келеді. Қымбат заттар ешқашанда балаға деген махаббатыңыздың орнын толтыра алмайды.

3. Әңгіме кезінде балаңызды тым болса бір рет маңдайынан, қолынан сипап өтуге тырысыңыз. Бұл әңгіме барысындағы өте маңызды сәт, бірақ жиі-жиі аялау қажет емес, ол баланың ашу-ызасын туғызуы мүмкін. Сүюмен, құшақтаумен баланы жаман үйретпеңіз, әсіресе, бұл баланы өскен кезінде қатты ұялтады.

4.Егер сіз балаға бірнеше рет өтірік айтқан болсаңыз, ол да міндетті түрде сізге де өтірік айтады. Аз ғана өтіріктен үлкен өтіріктер туады.

5.Баланы тәртіпке келтіру кезінде, ешқашан да сіздің балаңыз басқаның баласына қарағанда жаман, ақылсыз, тәртіпсіз, жарамсыз екенін айтпауға тырысыңыз. Бұл дегеніңіз, бүгін сіз балаңыз «жақсы» болғаннан кейін жақсы көріп тұрғаныңызды, ал «жаман» болған уақытта жақсы көрмей қалғаныңызды көрсетеді, егер ертең өзін жақсы ұстаса, сонда ғана жақсы көретіңізді, соны өзіңізде сезіктенбей қаласыз. Шындығында сіз балаңыздың жан дүниесін төңкеріп салдыңыз. Бала санасына келесі ақпаратты қабылдайды.«Егер ең жақын адамдардың махаббатын жақсыға сатып алуға болса, бүкіл әлемде сатылмақ». Осыдан кейін таңғалмаңыз, егер сіздің балаңыз мейірімсіз, арсыз болып бара

жатса. Балалар өздерін сіз жақсы көретіндей етіп көрсете алмайды. Сіз оларды сол қалпында қабылдағыңыз келмейді. Ал балалар сіздің сатқындығыңыз үшін өшігеді, кек алуға тырысады. Бұл ашулы мінез-құлық баланың кейінгі бүкіл өмірі бойында бірге жүруі мүмкін.

6. Кітапты көп уақыт қолыңызға алмай кеткеніңізге қарамай, уақытыңыз қаншалықты тығыз болса да, жұмыстан қолыңыз босамай жатса да, балаңызды тәрбиелеуге көмектесетін жақсы, керекті кітаптарды міндетті түрде оқып шығу керек.

Жалқаудың өрісінде тек қана арамшөп өседі, ал үлкен ұқыптылықпен өңделген өрістен мол өнім аласыз.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы

**«Бала тәрбиесінде нені
ескеруіміз қажет?»
(Ата аналарға кеңес)**

Психолог: Абилова Г.Н

Ақтөбе қаласы

Бала тәрбиесінде нені ескеруіміз қажет?

Әрбір адамның тәнімен қатар жаны да бар екені белгілі. Сондықтан әр адам өзінің физикалық денесінің саулығына қарағаны секілді рухани жағына да мән беруі тиіс. Бұл мәселе үлкен-кіші деп бөліп жармастан барлығына ортақ. **Ата-анадан балаға не берілген?**

Баланың өмірінде ата-анасымен тікелей байланысты болатын екі маңызды нәрсе бар. Олар: ата-анадан берілген (ұқсаған) түр-сипаты, ата-анадан берілген (тәрбиеленген) мінез-құлқы. Біріншісі – қалыптастыру немесе өзгерту біздің қолымызда болмаған Алла Тағаланың жаратқаны. Оны барлығымыз білеміз. Сондықтан «ана жерім неге мынадай?», «мына жерім неге бұлай?» деп шағымданбастан мойынсұнуымыз керек. Бұл біздің Аллаға және тағдырға иманымыздың бір көрсеткіші болмақ.

Ал енді екінші мәселе – ол ата-аналардың балаларын қалай тәрбиелегенінен және қандай үлгі көрсеткенінен туындайтын жағдай. Бұл біріншісіне қарағанда әлдеқайда ауқымды және маңыздырақ. Өйткені, адамның бүкіл өміріне әсер етуімен қатар ақыреттегі мәңгі дүниесін де қалыптастыратын бірден-бір фактор.

Бала тәрбиесі

Әрбір ата-ана өз баласының ақылды әрі тәрбиелі азамат болып өскенін қалайды, әрине. Бірақ құр қалаумен іс бітпейді ғой! Әрекет керек! Баланың тәрбиесіне тек қана ананы жауапты қылып қоймай, әкесі де жеткілікті мөлшерде атсалысуы қажет.

«Тәртіпті бала» дегенде ең алдымен көз алдымызға келетіні – ата-анасын, үлкендерді тыңдайтын, әдепсіздік, бұзақылық жасамайтын, үлкендерді сыйлайтын бала.

Бала ата-анасын тыңдау үшін

Осылардың ішінде ең бірінші кезекте қалыптастыру керек нәрсе баланың ата-анасын мүлтіксіз тыңдауы, айтқандарының барлығын орындауы. Өйткені, ата-анасын тыңдай білген бала басқаларды да тыңдауды үйренеді, қашан, қайда қалай жүру, әрекет ету керегінің әдебін де үйреніп, көкейіне құйып ала алады.

Ал ата-ананы тыңдау үшін бала ең алдымен олардың айтқандарын түсінетіндей және тым ерке болмауы қажет. Бала ата-ананың айтқанын түсіну үшін ата-ана ол түсінетіндей тілде, қабылдай алатындай түрде жеткізе білуі керек. Бұл үшін ата-ана өздерін баланың орнына қойып ойлануы, соған қарай әрекет етуі қажет болады. Мұны психология тілінде «эмпатия» деп атайды – адамның өзін қарсысындағы адамның орнына қоя білуі. Сонда ғана адам басқаның жанын түсіне алады және содан кейін ғана көмек қолын соза алады. Басқалай біздің жанымыздағы адамға ақыл айтуымыз бен

көмектесуге тырысуымыздың барлығының нәтижесі нөлге жақын болуы мүмкін көп жағдайда.

Балаға да дәл солай эмпатия көрсете білу өте маңызды. Әрбір ата-ана баласының жасына, психологиялық, табиғи ерекшеліктеріне қарай онымен қалай сөйлесу керектігін, не айту қажеттігін алдымен анықтап алуға тиіс. Өйткені, біздің түсінген, маңызды екендігін білген нәрселерімізді бес жастағы бала біліп, түсіне алмайтыны белгілі. Мұны, әрине, барлық адам біледі. Бірақ балалармен қарым-қатынас жасағанда қалай болады? Әрбір ата-анаға қойылған сұрақ. Және әрбір ата-ана бас қатыруы тиіс мәселе.

Өйткені, біздің өмірде көріп жүргеніміз адамдардың білген нәрсесінен мүлдем өзгеше болып жатады. Мысалы: бір істі балаға жасату үшін «Мұны осылай жаса» деп қана қояды. Себебін, маңызын түсіндірмей жай айта салғанымен қоймай, кейін орындамаған жағдайда (бұлай айтқандықтан көп жағдайда орындалмайды, әрине) «неге айтқан сөзді тыңдамайды» деп ашуланып, тіпті ұрысып жатады. Немесе, бір бұрыс істен тыю үшін «Бұлай жасауға болмайды» немесе «Бұлай жасама» дейді. Мұнысы дәл біздің Кеңестік дәуірде өмір сүрген ата-аналарымыздың «Жаман боладысы» (қазақтың ырым-тыйымдарының мағынасын білмегендіктен немесе барлығы дерлік Исламмен байланысты болғандықтан айта алмаулары себепті) сияқты. Ал қазір ол кезең емес. Бір іске тыйым салар алдында оның баланың жас ақылына түсінікті болатын, миға қонымды себебін де қоса айтуға дағдылануымыз қажет. Және баланы тыйған нәрселеріміздің орнын алмастыратын басқа нәрсе тауып беруіміз керек. Баласының белгілі бір ойыншықпен немесе бір ойынды ойнағанына тыйым салғысы келген ата-ана оның орнына басқа ойыншық немесе ойын тауып беруге міндетті. Болмаса, бала басқа не істерін білмей сіз тыйым салған іске қайта барады. Ата-ана баласының бос іспен, дұрыс емес нәрселермен айналысқанын қаламаса, баланың күн тәртібін құрып беруі қажет болады. Қажетті және пайдалы істерді бірінен соң бірін тізіп қойып берген уақытта баланың бос іске уақыты да, құлығы да қалмайды. Және ең маңыздысы – баланың күн тәртібінде ата-анасының да ойып тұрып орын алуы. Баламен бірге ойнау, оған әр түрлі қызықты нәрселерді айтып беру, үйрету, түсіндіру оның тәрбиесінде, тіпті бүкіл өмірінде маңызды жайт.

Барлығына үлгі болар әке

Осында бір мысал келтіре кетейік. Көбінесе үйде бала тәрбиесімен анасы айналысып, әкелер сыртта табыс табудың қамымен жүреді. Сондай бір өте жұмысбасты әкенің мысалы. Жұмысбасты дегенде шынымен жұмысы бастан асып жататын жан. Әрдайым маңызды кездесулерде, түрлі іс-сапарларда жүретін адам. Үйіне тек қонуға немесе киімдерін ауыстырып, алып кетуге ғана келеді десе де болады. Бір жолы да солай бір ұшақ пен екінші ұшақтың арасындағы уақытта үйіне киімдерін алуға кірген кезі болатын. Кірген бойда қолындағы қағазында табиғаттың суретін салған қызы жүгіріп шығып, суретін көрсетуде. Әкесі сонша асығыс болғанымен, суретті тамашалап, әдемі екенін айтып, тіпті «мына жеріне бір гүл салып қойсаң одан да керемет болар еді» дегенді қосып қояды. (бұл әке негізі әрдайым осылай көңіл бөліп жүреді) Бұдан кейін қызының төбесі көкке бір-ақ елі жетпей қалғаны сөзсіз: сондай жұмысбасты әкесі тек қана үйіне кіріп-шығуға келгенде қызының салған суретіне көңіл бөліп, оны мақтап, тіпті кеңесін де қосып айтып кетті. Үлкендерге аса көңіл аударарлық болып көрінбейтін

кішкентай нәрседей болғанымен, балалар үшін бұлар маңызы зор жайттар. Ал көбіне ата-аналар мұндай жағдайда қалай әрекет етеді?! Ойланып көрейік! Өзі асығып жүргенде аяғына оратылып жағаласқан қызына ең азы жай көңіл бөлмей өтіп кетеді, немесе мұнан да сорақысы жекіп ұрысып беретін ата-аналар да кездеседі. Қараған күннің өзінде (дұрысы, қараған сыңай танытып) «А, йә» немесе «Аһа, аһа» деумен ғана шектелетіндері көп. Бұлар баланың енді ғана қалыптасып келе жатқан жап-жас психологиясына кері әсер етеді. Бала өзін ешкімге керексіз, түк маңызы жоқ, ешкім оны жақсы көрмейтіндей сезінетін болады. Ал мұндайдың баланың өмірі үшін де, оның ата-анасы үшін де түкке керектігі жоқ екені барлығына белгілі.

Балаңыз сізді әрдайым тыңдасын десеңіз

Бала ата-анасын мүлтіксіз тыңдауы тиіс дедік. Тыңдау үшін бала ақылды болуымен қатар ерке болмауы қажет. Ал бала ерке болып өспеуі үшін не істеу керек деген маңызды сұрақ туады. Әр ата-ана мұны сан қилы қарастырады, әр түрлі әрекет етеді. Бірі баланы тым қатты жақсы көрмеу керек десе, басқасы балаға қатал қарау керек дегенді алға тартады. Бұл екі ұйғарым да қате түсінік. Ең алдымен баланы жақсы көру оның тәрбиесі мен бүкіл өмірі үшін ауадай қажет нәрсе. Ата-ана мұны ешқашан ақсатпауы қажет. Ата-анасының сүйіспеншілігіне бөленіп өскен бала өмірде алға қойған мақсатына жете алатын, өз-өзіне сенімділігі күшті болып өсе алады. Балаға тым қатал қарамау да осы үшін қажет. Ата-анасының қаталдығынан қорыққан бала тек қана олардың алдында тәртіпті болып, айтқанды тыңдап жүріп, олардың көзін ала бере тәртіпсіздікке бой алдырып, бұзақылық жасап, тіпті кейін өмірінде қай кезде қалай әрекет ету керектігін біле алмайтындай болуы әбден мүмкін. Тарихты қарайтын болсақ, бұл екеуі де сүйікті Пайғамбарымыздың кеңестері екенін көре аламыз. Ата-аналарғы балаларын жақсы көруді, жақсы көргенін көрсетуді бұйырған, және қатал болуға тыйым салып отырған.

Ерке бала қайдан шығады?

Ал баланы ешкімді тыңдамайтын, өз дегенін ғана жасататын ерке қылатын жалғыз фактор – ата-аналардың сөздері мен істеріндегі айнымалылығы (непоследовательность). Егер ата-ана баласына бір істі істеуін бұйыратын болса, немесе баласының бір қалауына «жоқ» деп айтатын болса, сол айтқан сөзінен айнымай қалуға тиісті. Балаңыз бір орынсыз нәрсе сұраған кезінде бастапқыда «жоқ» деп айтып алып, кейін бала ары сұрап, бері сұрап, қыңырланып, тіпті жылауға дейін барған кезінде «әйтеуір жыламасыншы» деп айтқанын орындай салу – міне осы нағыз баланы ерке қылатын жағдай. Осыны үйреніп алған бала «бәрібір соңында айтқанымды істетемін» деп, еркелеп сұрауын қоймай тұрып алатын болады. Ата-ана бір рет «жоқ» деп айтатын болса, сол қалпында қала білуі керек. Ал бәрібір соңында айтқанын орындайтын болса, басынан қарсы шықпай, баланың сұраған нәрсесін ол үшін дұрыс болған мөлшерде қанағаттандырып беруі қажет.

Сөзден іске көшейік!

Баланың өмірлік мінез-құлқына ең бірінші әсер ететін ата-анасының үйреткен тәрбиесі, және мұндағы ең бастысы олардың үлгі болатын іс-әрекеті. Өйткені, барлығына белгілі болғандай – балаға ата-ананың айтқан сөздерінен көрі олардың жасаған іс әрекеті көбірек әсер қалдырады.

Тағы да бір маңызды болған жайт – баланың іс-әрекеті. Мұны да тәртіпке, жөнге салу қажет екені сөзсіз. Балаға бір нәрсені істету не істетпеу үшін барлығының қолданатын екі жолы бар: мақтау және жазалау. Психологияда мұның мынадай формуласын енгізген: «Аз мақтау, нөл жаза». «Семіздікті қой ғана көтереді» дегендей кері әсерін тигізбес үшін баланы жөнсіз көп мақтай бермей, қажет жағдайларында, шынымен соған тұрарлық іс жасағанында мақтау. Ал жаза дегенді атымен алып тастау керек дейді. Себебі, баланы жазалау арқылы немесе жазалаймын деп қорқыту арқылы белгілі бір істен тыюға болады. Бірақ бала ата-анасы жоқ уақытта ол ісінен тыйылмай жалғастыра беруі әбден мүмкін. Ал балаға жаза арқылы жақсылық пен мейірімділікті үйрету тіптен мүмкін емес!

Ал сонда не істеу керек? Психологтар соңғы уақыттарда «feedback» деген термин енгізді. Мұның мағынасы сөзге немесе іс-әрекетке жауап қайтару (негізі, қазіргі кезде енгізген аудармасы – кері байланыс) дегенге саяды. Ал мұнда баланың бір әрекетіне ата-анасының жауап қайтаруы. Бұл көбіне баланың жасаған оңды ісіне ата-анасының жұлдесі іспетті. Жүлде дегенде тек материалдық затты ойламауымыз қажет. Керісінше, іс-әрекетпен жасалғаны әлдеқайда әсерлірек болмақ. Баласының бір ісіне көңілі толған ата-анасы енді баланың көңілі көтерілетіндей іс жасаса, бала тәрбиесі үшін өте пайдалы болады. Ата-ана баласына жүлде ретінде белгілі бір уақытын бөліп, баласымен ойнаса, сурет салса, қызықты кітаптарын оқып бірге талқыласа – бұл шынымен де әсерлі болады. Баланың қалауы мен қызығушылығына қарай әр түрлі нәрселер ойлап табуға болады.

Еңбекқор бала өсіру

Тағы бір өмірлік маңызды мәселе – баланы еңбекке баули білу. Ол үшін балаға барлық қалаған нәрсесін алып бере бермей сол үшін еңбек студі үйрету қажет. Аса үлкен іс тындырмаса да, кішкентай бір аула сыпырып, еден сүртіп, ыдыс-аяқ жуып, өз еңбегімен тапса, бала алған затының құнын да біле алмақ. Қазіргі кезде дамығын елдердегі жастардың жұмысқа қабілетінің болмауы өз алдына бір мәселе болып тұрған жайы бар. Бұл дәл осы жастайынан өз басымен бір істі істеп үйренбей, «дайын асқа тік қасық» болып өсуінен. Баласының болашақта жетістікке жетуін қалаған ата-ана оған кішкентайынан жұмыс істетіп үйретуі қажет. Осы тұста халқымыздың «Балаңды 5 жасқа дейін патшаңдай көр, 5 жастан кейін құлыңдай жұмса, 15 жасқа келгенде досыңдай сырлас» деген ұстанымы еске түседі. Осы қағиданы ата-аналардың барлығы жүзеге асыра білуі өте маңызды. Бір ескеретін жайт, балаға әрбір ісі үшін қарымтасына бір нәрсе алуды үйретіп алмай, таразының басын тең ұстай білу қажет.

**Ата - аналармен
психологиялық ағарту
жұмыстарын ұйымдастыру**

- **Өз баланды жақсы көре біл!**



Балаңыздың сізбен бірге болғанына қуаныңыз. Балаңыз қандай, солай қабылдай біліңіз, оны төмендетіп намысына тимеңіз. Өзіне деген сенімділігін арттыруға өз тарапыңыздан жағдай жасаңыз, әділетсіз жазалауға жол бермеңіз. Балаңыз сіздің іс-әрекетіңізден жылылық пен махаббатыңызды сезіне білуі қажет.

- **Балаңызға қайырымды да, үлгілі бола біліңіз!**

Балаңыздың бойына өз халқына, ұлттық дәстүріне деген құрметті дарытуда өзіңіз үлгі болыңыз. Ол үшін шынайы сыйластық, кешірімді тату-тәтті қарым қатынас, үлкенге-құрмет, кішіге-ізет, жанұя мүшелерінің бір-біріне деген жанашырлық сезімдерін, баланың бойына дарыта білудегі жауапкершілігіңізді естен шығармаңыз!

- **Өз балаңызбен ойнаңыз!**



Балаңыздың қалауы бойынша ойнаңыз, әңгімелесіңіз, арнайы уақыт бөліңіз. Балаңыздың ойынын шын ниетпен қабылдап, оның балалық әлеміне еніп, өзіне және өзгелерге балаңыздың көзқарасымен бір кезек қараңыз. Бала-ойын арқылы өмірдің қиыншылық сәттеріне қарсы тұруға дағдыланады, адамдармен қарым-қатынасты орнатуға үйренеді.

- **Баламен бірге еңбектен!**



Балаңызға үй шаруасына қатысып, жәрдемдесуге рұқсат беріңіз. Еңбек ету алгоритімін үйретіңіз. Берілген тапсырманы орындауда жауапкершілікті сезіне білуді қалыптастыру үшін, еңбек ету кезіндегі жіберген қателіктерін емес, жетістіктерін айтып, қолдау көрсетіңіз.

- **Адам еркіндігінің шектелуі мен бала мүмкіндігін көрсете біл!**

Әр адам өзіне де, өзгеге де кесір келтірмей өмір сүруі керек. Баланы тәрбиелеуде, оның жеке тұлға болып қалыптасуында осы қағиданы есте тұтып, белгілі-бір заңдылықтарды орындай отырып, баланың тәрбиесіне аса ұқыптылықпен карап, нәтижелігіне мән беру керек. Бала тәрбиесіндегі жазалау әдісі және шектен тыс еркелету оның тәрбиесіне кері әсерін тигізеді.

Біз сізбен біргеміз, осыны есте сақтаңыз!





Педагогтар мен ата - аналар есіне, егер:

- баланы үнемі сынап, мінейтін болсаңыз — онда ол барлығын жек көретін болып үйреніп кетеді;
- балаға жөнсіз күліп, үнемі ескерту жасасаңыз ол тұйық, ұялшак, бұйығы болады;
- балаға үнемі ескерту мен тежеу жасасаңыз, ол өзін кез келген ортада кінәлі сезінуге үйреніп кетеді;
- баланы орынды мақтай, мадақтай білсеңіз, ол ақылды, байсалды, салмақты болуға талаптанады;
- балаға үнемі қолдау көрсетіп отырсаңыз ол өзін өзі бағалай білетін болады;
- балаңыз шыдамды, төзімді болып өссе, онда ол басқаларды да түсіне білуге үйренеді;
- бала шындықты айтып өсетін болса, ол шыншыл, адал азамат болып қалыптасады;
- бала алаңсыз, қауіпсіз жағдайда өсетін болса ол барлық адамдарға сеніммен қарайтын болады;
- бала қауіп - қатермен, ұрыс - керісті, зұлымдықты, жаман жат қылықтарды көріп өссе, ол ашушаң, ызақор болады;
- бала қайырымдылық пен мейірімділік, түсінушілік, сүйіспеншілік сезімдерді сезініп өссе, ол бұл әлемде махаббат пен сүйіспеншілікте болып, ата-анаға қайырымды болады;





Ата-аналарға психологиялық кеңес

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде тын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
4. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
5. Жас молшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай балабақшасы

«Балалармен практикалық жұмыс істеу машығы»

(Педагогтарға кеңес)

Психолог: Абилова Г.Н

Ақтөбе қаласы

Тақырыбы: Түлкішекке көмекке барамыз.

Мақсаты: логикалық ойлау қабілеттерін, өзгелердің жағдайын түсіну сезімдерін дамыту, ұжымдық сезімдерін қалыптастыру.

Қажетті құралдар: жаттығу жасауға арналған кілемшелер, түлкі-ана, түлкішек, жіп, күрек, шелек.

Балалар жарты шеңбер жасап тұрады.

Психологиялық дайындық: -Балалар, бізге сабаққа досымыз түлкі –Ана келді. Кәне амандасайық. Бізге не үшін келгенін сұрап білейін.

Балалар түлкі-Ананың кішкене түлкішегі орманға кетіп, әлі оралмапты.

Анасы қатты уайымдап,бізден көмек сұрап келіпті. Түлкішекті табуға түлкі-Анаға көмектесейік. Қандай жағдайға тап болса да, біз түлкішекті құтқарамыз.

Балалар, қиын жағдайға кездесіп қалған жандарға көмектесетіндерді кімдер деп айтады?

- Құтқарушылар.
- Дұрыс айтасындар. Бүгін біз құтқарушылар боламыз.Алдымен құтқарушылардың арнайы киімін киіп алайық.(Балалар киім кию қимылын жасайды). Балалар, киген киімдеріміз үстімізге шақ па екенін қарап көрейік. Менімен ілесіп мына қимылдарды жасандар.

Тұрып орындалатын жаттығу.

1. карама-қарсы қолмен иық бұлшықетін қолмен жаймен алға созу.
2. қолды иық, шынтақ тұсынан алға, артқа бүгу, жазу.

Жарайсындар.Түлкішекті құтқаруға жолға қандай көлік түрімен шығамыз қараңдаршы. Көліктердің екеуі де істен шығып қалыпты. Машина доңғалақтарының желі шыққан, ал қайықтың ағаштары тозған.

Қанекей көліктерімізді тездетіп жөндеп, жұмысымызға кірісейік.Алдымен машинаның доңғалақтарын желмен толтырамыз.Қане менімен ілесіп қимылды қайталап жасандар. Жарайсындар машинамыз жолға шығуға дайын болды. Енді қайықты жөндеп алайық. Қолымызға ағаштарды бір-бірімен бекіту үшін балға мен шеге ұстаймыз. Енді қимылмен көрсетейік.

Балалар, біз қандай жақсымыз.Көліктерімізді жөндеп жолға шығуға дайындадық.Көліктерге бөлініп отырып кішкентай түлкішекті құтқаруға жолға шығамыз.

Отырып орындалатын жаттығулар.

1 топ- «қайық есушілер»

2 топ- «машина жүргізушілер»

(топтар алмастырылады).

-Балалар, біз ұзақ жол жүріп келдік, шаршадық, келіндер демалыс жасайық.

Төсеніште жатып орындалатын жаттығу.

1. Тізені құшақтап арқаны еденге тигізу.
2. Денені түзу ұстаған күйде оңға, солға бұрылу.
3. Қолды оңға, солға бұру.
4. Бір мезгілде қол мен аяқты жоғары көтеру.

5. Демалу.

Жарайсындар балалар, демалып алдық.Енді қайтадан жолға шығайық.Түлкішекті қайдан іздесек екен?Тышқаннан сұрайық мүмкін ол орман тұрғындарынан естіп, көріп білген шығар.

Жаттығу «Тышқан».

Орман ішімен келе жатқан тышқанның кейпін қимылмен жасап көрсетейік.

1. егер ол азыққа тойған болса тілімен ернін жалап, екі ұрты бұлтиып, қолы екі жанына сыймай бара жатады.
2. егер оның қарны аш болса екі ұрты солған, екі қолымен өзін қатты қысып бара жатады.
3. егер ол дән тауып алса, оны бір ұртынан екінші ұртына алма кезек қолымен былай ауыстырып жүреді.
4. ұртындағы дән қажет болмаса тап –тар ініне кіріп кетіп былайша жұдырығымен екі ұртын соғып жібереді.

Балалар, тышқаннан түлкішек туралы қалай сұраймыз, ақылдасайық.Тышқан өте қорқақ , ол бізден қорқып кетпес үшін не істеуімізге болады? Оны ренжітіп алмауымыз үшін қалай сөйлесуіміз керек? Егер ол жауап бергісі келмесе қалай сөйлескен дұрыс? *Жұмсақ ойыншықпен жаттығып көрейік.* Жарайсындар,балалар.Тышқан досымыз маған сыбырлап қана біздер іздеп жүрген түлкішектің терең шұңқырға түсіп кеткенін, ол жақын жерде екен, шұңқырдан өзі шыға алмай жатқанын айтып берді.

Шешім іздеп табатын жағдай .

Психолог құрсау ішіндегі жұмсақ ойыншық жанына балалармен жақындап барады.

-Балалар, қараңдаршы түлкішекті мына шұңқырдан айналасындағы заттардың қайсысын қалай пайдаланып шығарып алуға болады, барлық жолдарды айтыңдаршы, өйткені сендер құтқарушысындар.

Егер ол бізден қорықса ше?Егер аңшы шықса ше?Басқаша тағы не істеуге болады?

Психолог балалар ұсынған барлық жолдарды қолдайды.Түлкішекті шұңқырдан бірігіп шығарып түлкі-Анаға тапсырады.

Қорытынды.

Түлкі-Ана өзінің түлкішегін көргеніне қуанып құтқарушыларға рахмет айтады. Ал балалар түлкішекке қалай жеткендері, жолда не істегендерін әңгімелеп береді.Психолог балалардан түлкішектің орнында өздері болса не істер екендерін сұрайды.

Қиын жағдайға кездескен кезде өзіне көмектесе алмасаң басқалардан көмек сұрау керек.Ересек адамды көмекке шақыру, сабыр сақтау, отырып ойлану,мамаң немесе папаң қандай ақыл берер еді сол жайында ойлау керек.

Психолог барлық балаларды мақтап, бәріне «құтқарушы» медалін тапсырады.